Кеңсе және шаруашылық заттарды бір көзден шарт жасасудың негіздемесі

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

- біртектес тауарларды сатып алу кезінде, егер мұндай тауарлардың жылдық көлемі ақшалай мәнде жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаса;
- жұмыстар мен қызметтер бойынша – бес жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаса;
- ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін – төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаған жағдайда.

Бұл көрсеткіштер тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленеді.
Сонымен қатар, Заңның 16-бабының 5-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы, не оның міндеттерін атқарушы тұлға, немесе орталық мемлекеттік орган аппаратының басшысы не оның өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды тұлға қабылдайды.
Сондай-ақ, Заңның 16-бабының 6-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын сақтай отырып жүргізіледі. Атап айтқанда, Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген қағидаттар.
Бұл ретте, бір көзден тікелей шарт жасасу туралы шешім қабылдаған тұлға жоғарыда аталған қағидаттардың сақталуына жеке жауапты болады.
Аталған қағидаттарды сақтау мақсатында Тапсырыс беруші үш (3) әлеуетті өнім берушіден баға ұсыныстарын сұратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарлар, жұмыстар және қызметтер бағаларының деректер базасы шығын түрлері бойынша есеп айырысу кезінде бағдар ретінде пайдаланылды.
Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 34-қосымшасына сәйкес, келесі бағаны толтыру көзделген: бір көзден сатып алу жағдайының ерекшелігін растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі (қызметтік жазба, қорытынды, анықтама).
Осыған байланысты, Қағидалардың 510-тармағына сәйкес, шарт жасалғаннан кейін тапсырыс беруші бес жұмыс күні ішінде бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыруы тиіс және осы қызметтік жазбаны көрсетуі керек.
Қағидалардың 506-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілін таңдаудың негіздемесі мынадай: Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген қағидаттарды сақтау мақсатында Тапсырыс беруші үш (3) баға ұсынысын сұратып, нарықтағы бағаларға талдау жүргізді. Аталған өнім берушіде осы жұмыстарды сапалы орындау үшін қажетті барлық жабдықтар мен білікті қызметкерлер бар.

Директор: Кушенова Г.А